

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АКАДЕМИК Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

«КЕЛІСІЛДІ»
«SEVEN REFRACTORIES ASIA» ЖШС
директоры  Глазунов М.А.
« 18 » 03 / 2022 ж.


БЕКІТЕМІН
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды
университетінің Бағдарламалық Төрағасы - Ректоры
Дулатбеков Н.О.
« 18 » 03 / 2022 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»
«Азияэко» ЖШС
директоры  Разумовский Б.Р.
« 18 » 03 / 2022 ж.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«6B04106 – Есеп және аудит»

Деңгейі: Бакалавриат

Қарағанды, 2022

«6B04106-Есеп және аудит» білім беру бағдарламасы келесі құжаттар негізінде құрастырылған:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;
- «Қазақстан Республикасы Тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I Заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы;
- Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы Ұлттық біліктілік шеңбері,
- Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы;
- 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы

Мазмұны

№	Білім беру бағдарламасының төлқұжаты	Беттер
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	4
2	Білім беру саласының классификациясы және коды	4
3	Білім беру бағдарламасының тобы	4
4	Кредит көлемі	4
5	Оқыту нысаны	4
6	Оқыту тілі	4
7	Берілетін академиялық дәреже	4
8	Білім беру бағдарламасының түрі	4
9	БХСЖ деңгейі	4
10	ҰБШ деңгейі	4
11	СБШ деңгейі	4
12	Білім беру бағдарламасының ерекшелігі	4
	ЖОО партнер (серіктес)	4
	ЖОО партнер (қосдипломдық)	4
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның №	4
14	Білім беру бағдарламасын аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің мерзімі	4
15	ББ мақсаты	4
16	Түлектің біліктілік сипаттамасы	4
а)	Түлектің лауазымдарының тізбесі	4
б)	Түлектің кәсіби қызметінің саласы және объектілері	5
в)	Түлектің кәсіби қызметінің түрлері	5
г)	Түлектің кәсіби қызметтің функциялары	5
17	2 Нысан. Құзыреттілік негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау	6
18	3 Нысан. Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндердің модульдерін анықтау	7
19	4 Нысан. Оқыту нәтижелерінің қол жеткізу матрицасы	9
20	5 Нысан. Сертификаттау бағдарламасы (майнор) «Ішкі аудит»	18
21	6 Нысан. Жоспарланған оқыту нәтижелерін модуль шеңберінде оқыту және бағалау әдістерімен сәйкестендіру	19
22	7 Нысан. Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері	20
23	8 Нысан. Түлектің моделі	22

Білім беру бағдарламасының төлқұжаты (әрі қарай ББ)

- 1. Білім беру бағдарламасының атауы және коды:** «6B04106 – Есеп және аудит»
- 2. Білім беру саласының, дайындау бағытының классификациясы және коды:** 6B04 Бизнес, басқару және құқық, 6041 Бизнес және басқару
- 3. Білім беру бағдарламасының тобы:** B45 Аудит және салық салу
- 4. Кредит көлемі:** 240 ECTS
- 5. Оқыту нысаны:** күндізгі
- 6. Оқыту тілі:** қазақ тілі
- 7. Берілетін академиялық дәреже:** «6B04106 – «Есеп және аудит» ББ бойынша бизнес және басқару бакалавры
- 8. ББ түрі:** қолданыстағы
- 9. БХСЖ деңгейі:** (Білім берудің халықаралық стандартты сыныптамасы) – 6 деңгей;
- 10. ҰБШ деңгейі:** (Сыныптаманың ұлттық аясы) – 6 деңгей;
- 11. СБШ деңгейі:** (Сыныптаманың салалық аясы) – 6 деңгей;
- 12. ББ ерекшелігі:**
 - ЖОО партнер (БББ) –
 - ОО партнер (қосдипломдық): -
- 13. Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның номері:** 28.07.2020 жылғы № KZ83LAA00018495 мемлекеттік лицензияға 28.07.2020 жылғы № 016 қосымша
- 14. Білім беру бағдарламасын аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің мерзімі:** 10.06.2019-07.06.2024 жылға ББСҚЕТҚА агенттігінің SA-A №0168/3 мамандандырылған аккредитациясының куәлігі
- 15. ББ мақсаты:** Ұлттық және әлемдік экономика үшін бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау
- 16. Түлектің біліктілік сипаттамасы:**
 - а) Түлектің лауазымдарының тізбесі:** Біліктіліктер мен лауазымдар ҚР СК 01-2017 «Кәсіптер сыныптауышы» Қазақстан Республикасының Ұлттық сыныптауышына сәйкес айқындалады (Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2017 жылғы 11 мамырдағы №130-НҚ бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген). Оның ішінде:
 - қаржылық директор;
 - бас бухгалтер;
 - бас бухгалтердің орынбасары;
 - бөлім бухгалтері (бухгалтерлік есептің барлық бағыттары бойынша).
 - б) Түлектің кәсіби қызметінің саласы және объектілері:** Кәсіби қызмет саласы мемлекеттік органдар, барлық меншік нысанындағы мекемелер мен ұйымдар, нарықтық инфрақұрылым буынындағы экономиканы мемлекеттік реттеуді басқару органдары, ғылыми-зерттеу мекемелері болып табылады.
 - в) Түлектің кәсіби қызметінің түрлері**
 - «6B04106 –Есеп және аудит» ББ бойынша экономика бакалавры келесі кәсіби қызмет түрін орындай алады:
 - Ұйымдастырушылық-басқарушылық.

- Өндірістік-технологиялық.
- Есептік-жобалық.
- Білім беру (педагогикалық).

г) Түлектің кәсіби қызметінің функциялары:

"БВ04106-Есеп және аудит" ББ түлегі келесі функционалдық міндеттерді орындауға дайын болуы тиіс:

- есептік және статистикалық ақпаратты жинау, деректерді өңдеу және басқару шешімдерін қабылдау кезінде басшылардың, инвесторлардың, кредиторлардың, сыртқы және ішкі пайдаланушылардың пайдалануына дайындау;
- баға белгілеу, Инвестициялар, өндіріс әдістері бойынша баламалы шешімдерді талдау және бағалау;
- жалпы ұйымның қызметін басқару және бақылау;
- бухгалтерлік есепті жүргізудің заңнамалық-нормативтік актілерге сәйкестігін тексеру, сондай-ақ консультациялық қызмет көрсету (аудиторлық және консалтингтік қызмет));
- ҚЕХС сәйкес қаржылық есептілікті жасау;
- шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау;
- салық есептілігін жасау және салық бойынша декларацияны толтыру;
- ҚЕХС сәйкес бухгалтерлік есепті қалпына келтіру және аудару;
- бухгалтерлік есепті реттейтін нормативтік актілерді әзірлеу (нормативтік-әдістемелік қызмет).

17 Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Құзыреттіліктердің түрі	Оқу нәтижелерінің коды	Оқу нәтижелері (Блум таксономиясы бойынша)
Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills)	ОН 1	Қоғамдық санасын жаңғыртудың негізгі бағыттарын іске асыруға ықпал ететін қолданбалы экономикалық, заңдық, жаратылыстану-ғылыми пәндердің өзекті білімін көрсетеді; қоғам туралы біртұтас жүйе және адам ретінде, қазіргі қоғамдағы рухани процестердің рөлі, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау саласындағы Тараптардың құқықтық мүдделері, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік жағдайлары, адам мен табиғи ортаға зиянды және қауіпті факторлардың әсері туралы білімді қолданады.
	ОН 2	Статистикалық деректерді жинау, бизнесті бағалау ақпаратын талдайды және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің өзгеру үрдісін анықтайды
	ОН 3	Ғылыми-техникалық, өндірістік және коммерциялық міндеттерді шешу кезінде маркетингтік ойлау дағдыларын іске асырады және ішкі және сыртқы факторлардың бағаны қалыптастыруға әсерін бағалайды, нарықтық конъюнктураны ескере отырып бағаларды белгілейді
Сандық құзыреттер: (Digital skills):	ОН 4	Әлеуметтік және экономикалық ғылымдар, экономика салалары, бухгалтерлік есеп және басқа пәндер бойынша сандық ақпаратты зерттейді.
	ОН 5	Ұйымның әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандарында бухгалтерлік және салық есебін автоматтандырылған жүргізу үшін "1С: Бухгалтерия 8.3" конфигурациясымен жұмысты ұйымдастырады
	ОН 6	Есепке алудың үлгілік әдістемелерінің және қолданыстағы нормативтік - құқықтық базаның негізінде экономикалық және әлеуметтік - экономикалық көрсеткіштерді есептеу тәртібін жобалайды
	ОН 7	Компания қызметі бойынша қаржылық есептілікте көрсету үшін қажетті есептік және талдамалық ақпаратты қалыптастырады
Кәсіби құзыреттер: (Hardskills)	ОН 8	Бухгалтерлік есеп шоттарында активтерді, міндеттемелерді, капиталды көрсету мақсаттары үшін ақпаратты саралайды
	ОН 9	ХАС сәйкес аудиторлық қызметті жоспарлайды, сондай-ақ тиімді шешімдер қабылдау үшін мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласында қалыптастыру әдіснамасының нұсқаларын ұсынады.
	ОН 10	Экономика салаларында бухгалтерлік есепті ұйымдастырудың және жүргізудің өзіндік принциптерін, тәсілдері мен әдістерін құрастырады
	ОН 11	Мемлекеттік сатып алуды реттейтін заңнама нормаларын қолданудың практикалық дағдыларын іске асырады, салықтық есепті жүргізу
	ОН 12	Қаржылық есептілікті дайындау және жасау үшін ақпаратты шолу және түсіндіру жасайды

18 Құзыреттер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Оқу нәтижелерінің коды	Модуль атауы	Пән атауы	Көлемі (ECTS)	
ОН1	Қоғамдық сананы жаңғыртудың дүниетанымдық негіздері	Қазақстан тарихы	5	
ОН1		Философия	5	
ОН1		Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	5	
ОН2		Қолданбалы бизнес		
ОН1		Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері		
ОН1	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі	Саясаттану, Әлеуметтану	4	
ОН1		Мәдениеттану, Психология	4	
ОН1	Ақпараттық -коммуникативтік	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	5	
ОН1		Орыс тілі	10	
ОН1		Шетел тілі	10	
ОН1		Дене шынықтыру	8	
ОН2	Негізгі дайындық	Қаржы	4	
ОН9		Аудит негізі	4	
ОН2		Экономикадағы математика	5	
ОН4		Экономикалық теория	5	
ОН4		Макроэкономика	5	
ОН4		Микроэкономика	4	
ОН3		Маркетинг	5	
ОН8		Бухгалтерлік есеп негізі	6	
ОН2		Статистика және ұлттық есептер жүйесі	5	
ОН3		Бағақалыптастыру	5	
ОН6		Оқу	3	
ОН8		Бухгалтерлік есеп, статистика, аудит және талдамалық экономика	Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары	5
ОН2			Әлеуметтік-экономикалық статистика	
ОН3			Бағалаудың теориялық негіздері	5
ОН3	Бизнесті бағалау			
ОН4	Стратегиялық менеджмент		5	
ОН4	Менеджмент			
ОН11	Салық және салықсалу		5	
ОН11	Салықтық есеп және есеп беру			
ОН7	Өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау және шығындарды есепке алу		5	
ОН7	Кәсіпорын қызметін кешендік талдау			
ОН7	Қаржылық менеджмент		5	
ОН7	Экономикалық талдау теориясы			
ОН10	Ілгерлемелі қаржылық есеп		6	
ОН10	Қаржылық есеп II			
ОН12	Өндірістік		5	

ОН11	Қаржылық менеджер (MINOR)	Мемлекеттік сатып алулар	5	
ОН9		Мемлекеттік аудит және мемлекеттік қаржылық бақылау		
ОН2		Экономика-математикалық әдістер және моделдер	5	
ОН2		Эконометрика		
ОН10		Басқарушылық есеп II	5	
ОН10		Басқару есебінде жоспарлау және бюджеттеу		
ОН12		Кәсіпорынның қаржылық есептілігі	5	
ОН10		Контроллинг		
ОН10		Қаржы және басқару есептегі қазіргі жолдары	Басқарушылық есеп I	5
ОН9			Практикалық аудит	5
ОН5	ІС: Кәсіпорын 8. Қазақстан үшін Бухгалтерия		5	
ОН8	Қаржылық есеп I		5	
ОН10	Саладағы бухгалтерлік есеп		5	
ОН10	Экономиканың салаларының статистикасы			
ОН6	ІС: Кәсіпорын 8. Қазақстан үшін бухгалтерия: тәжірибелік қолдану		5	
ОН6	Есептің ақпараттық платформалары			
ОН7	Шағын және орта бизнестегі қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары		5	
ОН7	Қоғамдық саланың қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сай бухгалтерлік есеп			
ОН7	Қаржылық талдау		5	
ОН10	Сыртқы экономикалық қызметтегі бухгалтерлік есеп			
ОН12			Диплом алды	3
ОН10			Өндірістік	17
ОН12	Қорытынды аттестация		Дипломдық жұмысты/ дипломдық жобаны, дипломдық жобаны жазу және қорғау немесе кешенді емтиханды дайындау және тапсыру	12

19 Оқыту нәтижелерін қалыптастыру матрицасы

NN	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша мазмұны (30-50 сөздер)	Кредит саны	Оқыту нәтижелері (кодтар)											
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12
Жалпы білім беру циклы ЖОО компоненті/Таңдау компоненті															
P1	Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері	Қоғам мен табиғатты дамытудың негіздері туралы білім мен идеялары, табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың заманауи көзқарастары, өмір тіршілік қауіпсіздігін құқықтық реттеу, төтенше жағдайлардың зардаптарын алдын ала болжау және баға беру, ірі ағзалардың популяциясы, экожүйенің бұзылуы дәрежесі, популяцияның құрылымы мен динамикасы, қоғамдағы тірі ағзалардың өзара әрекеттесу механизмдері, қазіргі заманның негізгі экологиялық мәселелері, адамның қоршаған ортаны қауіпсіз өзара әрекеттесуі, өте қауіпті жағдайларда теріс факторлардан қорғау, үй шаруашылығындағы мүмкін болатын төтенше жағдайларды болжау, әлеуметтік, өндірістік салалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде құзыретті шешімдер қабылдау.	5	+											
	Қолданбалы бизнес	Бұл пәнде бизнес-жоспарды құрудың әдіснамалық негіздері қарастырылады. "Қолданбалы бизнес" курсы өткізу нарығын талдау әдістерін зерделеуді, өнімді сипаттауды, өндірістік жоспарды әзірлеуді және ұсынуды, маркетинг жоспарын және ұйымдастыру жоспарын әзірлеуді және ұсынуды, қаржылық жоспарды әзірлеуді және ұсынуды қамтиды. Курстың мақсаты студенттерді қолданбалы бизнес негіздерімен таныстыру.	5		+										
	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	Мемлекет, құқық, мемлекеттік-құқықтық құбылыстар туралы негізгі түсініктер. ҚР конституциялық құқығының негіздері. ҚР құқыққорғау органдары және сот. ҚР мемлекеттік билік органдары. ҚР әкімшілік құқық негіздері. ҚР азаматтық және отбасылық құқық негіздері. ҚР еңбек құқығы және әлеуметтік қамсыздандыру құқығы. Сыбайлас жемқорлық үшін құқықтық жауапкершілік. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру.	5	+											
Базалық пәндер циклы ЖОО компоненті															
P2	Қаржы	Бұл курс қаржы-несиелік қатынастар жүйесінің даму үрдістеріне, проблемалық жағдайларды зерттеуге бағытталған; экономикаға қаржылық және ақшалай-несиелік әсер ету әдістерін анықтайды; ҚР-да қаржы, ақша айналымы мен кредиттің даму үрдістерін анықтайды; ұлттық шаруашылық	4		+										

		жүйесінің тарихи дамуының әр түрлі кезеңдерінде ақша-несие, валюта және қаржы салаларында болып жатқан негізгі процестерді талдайды.																
P3	Аудит негізі	Бұл курс аудиттің негізгі ұғымдарын нарықтық экономиканың басқа ұғымдарымен кешенді байланыстырады. Онда жалпы қабылданған Халықаралық есеп жүйесін, аудит стандарттары мен нормаларын ескере отырып, аудиторлық тексеру материалдарын ресімдеу және қарау тәртібін жүргізу теориясын, ұйымдастырылуын, технологиясы мен әдістемесін, тәртібін ашатын маңызды терминдер мен анықтамалар баяндалған.	4															
P4	Экономикадағы математика	Жоғары математиканың негізгі ұғымдарын және олардың экономикадағы қосымшаларын оқытады; берілген пәннің типтік есептерін шешудің негізгі математикалық әдістерімен және оларды тәжірибеде қолдана білуімен; зерттеудің математикалық аппаратын меңгерумен таныстырады. Математика жаратылыстану-ғылыми, инженерлік-техникалық және гуманитарлық зерттеулерде маңызды рөл атқарады. Ол білімнің көптеген салалары үшін тек сандық есептеу құралы ғана емес, сонымен қатар дәл зерттеу әдісі және ұғымдар мен мәселелерді нақты тұжырымдау құралы болды.	5			+												
P5	Экономикалық теория	"Экономикалық теория" курсына студенттерге қоғамның экономикалық құрылымы туралы түсінік беріледі. Онда негізгі экономикалық ұғымдар мен экономикалық заңдылықтар, әлеуметтік-экономикалық жүйелердің эволюциясы бойынша білім қаланады. Бұл білімдер басқа экономикалық пәндерді тереңдетіп оқытуға негіз болады, ғылыми экономикалық ойлауды қалыптастыруға және кәсіби дағдыларды меңгеруге көмектеседі.					+											
P6	Макроэкономика	Экономикалық білім жүйесіндегі Макроэкономиканың мәні мен рөлін, үдемелі әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі мақсаттарын анықтау. Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің мәнін, мақсатын және қолданылуын игеру, олардың арасындағы өзара байланысты анықтау. Экономиканың нақты және ақша секторларының өзара байланысының сипаттамасы. Үкіметтің монетарлық саясатын жүргізудің негізгі бағыттары мен әдістерін, оның тиімділігін зерделеу.	5				+											
P7	Микроэкономика	"Микроэкономика" пәні экономикалық бағыттар бойынша мамандарды дайындауда базалық пәндер қатарына жатады. Пәннің ерекшелігі-ол нарықтың екі негізгі агенттері-үй шаруашылықтары мен фирмалардың мінез-құлқының заңдары мен заңдылықтарын қарастырады."Микроэкономика" курсына оқу студенттерге микроэкономикалық талдаудың фундаменталды ережелері туралы жүйелі түсінік қалыптастыруға және алынған білімді экономикалық шешімдерді негіздеу үшін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді.	4				+											
P8	Маркетинг	"Маркетинг" пәнін оқу пәні - маркетингтің принциптері, құралдары, элементтері, формалары мен әдістері, сонымен қатар экономиканың (кәсіпкерліктің) әр түрлі салаларындағы фирманың маркетинг және	5				+											

		маркетинг саясаты тұжырымдамалары. Пәннің міндеті - Маркетинг теориясы мен практикасы саласында базалық білімді қалыптастыру. Пәннің міндеті - ғылыми - техникалық, өндірістік және коммерциялық есептерді шешуде маркетингтік ойлау дағдыларын қалыптастыру.																
P9	Бухгалтерлік есеп негіздері	"Бухгалтерлік есеп негіздері" пәні болашақ мемлекеттік аудиторлардың кәсіби құзыреттілігі мен іскерлік қасиеттерін қалыптастыру үшін маңызды болып табылатын бухгалтерлік есептің іргелі теориялық бөлігі болып табылады. Пән қазіргі жағдайда бухгалтерлік есепті ұйымдастырудың жалпы принциптерін, міндеттерін, мәнін ашады. Бухгалтерлік есеп негіздерін білмей жалпы есепке алу жүйесін меңгеру және түсіну мүмкін емес.	6															
P10	Статистика және ұлттық шоттар жүйесі	Статистика және ұлттық шоттар жүйесі пәні статистиканың мәні мен міндеттерін, статистикалық бақылауды, статистикалық мәліметтерді және топтастыруды, абсолюттік және салыстырмалы шамаларды, вариацияның орташа шамалары мен көрсеткіштерін, іріктеп бақылауды, динамика қатарын, индекстерді, әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың өзара байланысын Статистикалық зерттеуді, халық және еңбек ресурстарының статистикасын, Ұлттық шоттар жүйесін, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерді, халықтың өмір сүру деңгейінің статистикасын ашады.	6			+												
P11	Баға қалыптастыру	Баға қалыптастыру пәні келесі бөлімдерді оқытады: баға нарықтық шаруашылықтың санаты ретінде. Баға құрамы. Фирманың баға саясаты. Шығындық баға белгілеу. Нарықтық баға белгілеу. Мемлекеттің фирманың баға саясатына әсері. Келісім-шарттар жасасу кезіндегі баға белгілеу. Тауарлар мен қызметтер нарығында баға белгілеу. Нарықтың экономикалық конъюнктурасы және баға серпіні	4				+											
Базалық пәндер циклы Таңдау бойынша компонент																		
P12	Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары	Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары (ҚЕХС) пәні Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары бойынша Комитет әзірлеген және жариялаған қаржылық есептілік стандарттарын қарастырады және зерттейді. Оқу процесі барысында стандарттар мен оқу-тәжірибелік мысалдарды теориялық баяндау негізінде стандарттарды қолданудың мақсаты мен саласы, бухгалтерлік есеп тәртібі, ҚЕХС бойынша қаржылық есептіліктегі ақпаратты ашу сияқты мәселелер қарастырылады.	5															
P13	Әлеуметтік-экономикалық статистика	Әлеуметтік-экономикалық статистиканың пәні мен әдісі. Халық және еңбек ресурстары статистикасы. Негізгі капитал және айналым қаражаты статистикасы. Өнімнің, жұмыстардың, қызметтердің өзіндік құнының статистикасы. Экономикалық қызметтің нәтижелері, тиімділігі. Халықтың тұрмыс деңгейінің статистикасы. Моральдық статистика				+												
P 14	Бағалаудың теориялық	Бұл курс университеттің экономикалық мамандықтарының студенттерін бағалаудың теориялық негіздерін меңгеру мақсатында дайындауға арналған.	5				+											

	негіздері	Бұл курстың мақсаты студенттерді бағалаудың тұжырымдамалық негіздері мен принциптерімен, оның пәні мен әдісімен, бағалау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру негіздерімен таныстыру болып табылады. Бұл ретте студенттер жылжымайтын және жылжымалы мүлік сияқты объектілерді тану үшін бағалау әдістерінің, тәсілдерінің және принциптерінің әрбірінің мақсатын білуі тиіс.																	
P 15	Бизнесті бағалау	Бизнесті бағалаудың негізгі ұғымдары мен мақсаттары. Бизнесті бағалаудағы табыс тәсілі. Бизнесті бағалаудағы салыстырмалы тәсіл. Бизнесті бағалаудағы шығындық тәсіл. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау. Материалдық емес және материалдық активтерді бағалау. Кәсіпорын бизнесін бағалау туралы есеп.				+													
P 16	Менеджмент	Бұл курс менеджменттің қазіргі заманғы мектептерін, олардың түсініктік аппараты мен зерттеу құралдарын, қолданбалы зерттеулерде және әртүрлі ұйымдарды басқару процестерінде қолдану мүмкіндіктері мен тұжырымдарын қарастырады. Пән нақты жағдайларды талдау үшін осы білімді қолдану дағдыларын меңгеруге, басқарушылық талдаудың нақты тұжырымдары мен нәтижелерін алу мақсатында мақсаттар мен шектеулерді, соның ішінде әлеуметтік және саяси-экономикалық қасиеттерді дұрыс қалыптастыруға мүмкіндік береді.	5				+												
P 17	Стратегиялық менеджмент	Стратегиялық ойлау және стратегиялық менеджмент кез келген жеке бизнестің немесе қоғамдық секторды ұйымдастырудың маңызды жағы болып табылады. Олар қаншалықты шебер жүзеге асырылып жатқандығына, сайып келгенде, ұйым қызметінің нәтижесі: не оның ұзақ мерзімді табысы, не банкроттығы тәуелді болады.					+												
P 18	Салықтар және салық салу	Пәннің мазмұнында салық жүйесінің қызмет ету ерекшеліктері және ҚР салық саясатын жүзеге асыру егжей-тегжейлі баяндалады. Салық салудың теориялық негіздері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар төлейтін салықтар сипатталады. Мемлекеттік және корпоративтік деңгейде салықтық жоспарлау мен салықтық бақылауды жүзеге асырудың принциптері мен нысандары қарастырылады.	5																+
P 19	Салық есебі және есеп беру	Бұл курс теориялық және практикалық дағдыларды алу және оларды практикалық қызметте қолдану мақсатында Университет студенттерін дайындауға арналған. "Салық есебі" пәнін оқу мақсаты салық есебінің негіздерін алу, қолданыстағы салық заңнамасына, салық есебінің принциптеріне, нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес ұйымдарда оны жүргізу дағдылары мен техникасын алу болып табылады.																	+
P 20	Өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау және шығындарды	Пән шығындардың жіктелуін және өзіндік құнды калькуляциялау әдістерін зерттейді. Өндірістік есепке алу және калькуляция принциптерімен танысады. Калькуляцияның сипаттарын, мәнін, ерекшеліктерін және қолданылу салаларын көрсете отырып, оперативтік, переретельдік, созылыңқы әдістерін қарастырады.	5									+							

	есепке алу																		
P21	Кәсіпорын қызметін кешенді талдау	Бұл пәнді оқу мақсаты барлық ұйымдар қызметінің салдарын зерттеу, болашақта кемшіліктер мен резервтерді анықтау үшін олардың ауытқуына факторлардың әсерін анықтау, сондай-ақ өндіріс және іске асыру көлемін жаңарту мен арттыруға, олардың жұмысының тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруға бағытталған әдістерді әзірлеу болып табылады.																	
P22	Қаржылық менеджмент	Қаржылық менеджменті қаржы ресурстарын қалыптастыру және пайдалану бойынша, Субъектінің өз функциялары мен міндеттерін орындауын қаржылық қамтамасыз ету мақсатында белгісіздік және нарықтық орта тәуекелдері жағдайында активтер мен пассивтер, кірістер мен шығыстар бойынша тиімді басқарушылық шешімдерді қабылдау негізінде экономикалық субъект ақша ағындарын басқарудың икемді жүйесі түрінде ұсынылады. Қаржылық менеджмент-бұл қабылданған қаржылық стратегия мен тактика шеңберінде ішкі және сыртқы ортаның өзгеруін ескере отырып, қаржыны басқару ғылымы мен тәжірибесі.	5																
P23	Экономикалық талдау теориясы	Пән басқарушылық талдаудың мазмұнын, әдістері мен тәсілдерін ашады; пайдаланушыларға талдау нәтижелерін ақпараттық қамтамасыз етеді; ресурстарды талдаудың әдістері мен тәсілдерін және өндірістің негізгі нәтижелерін ашады; ұйымға рейтингтік баға береді. Өндіріс және іске асыру көлемдерін жаңартуға және ұлғайтуға, олардың жұмысының тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруға бағытталған әдістерді әзірлеу тәртібін қарайды.																	
P24	Ілгерлемелі қаржылық есеп	Ілгерлемелі қаржылық есеп Бухгалтерлік есеп және аудит саласында, сондай-ақ кәсіпорындардың қаржыларын басқару, Мемлекеттік қаржы саласында мамандарды даярлау кезінде маңызды болып табылады. Жоғары білім сапасына қойылатын талаптардың жоғарылауы шаруашылық жүргізуші субъектілердің бухгалтерлік есебінің теориясы мен практикасын неғұрлым егжей-тегжейлі ғылыми-әдістемелік пысықтауға қажеттілігін туындады.	6																
P25	Қаржылық есеп II	Қаржылық есеп 2 Қаржылық есептің тереңдетілген курсы болып табылады, "Есеп және аудит" мамандығы бойынша оқитын студенттер үшін арнайы әзірленген. Озық қаржылық есептің теориясы мен тәжірибесін меңгеру үшін "Бухгалтерлік есеп принциптері" және "Қаржылық есеп I" пәндерін оқу кезінде алынған білім қажет. "Қаржылық есеп 2" Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына, табыс салығын есепке алуға, халықаралық корпоративтік инвестицияларға енгізуге және ұйымның сыртқы экономикалық қызметін есепке алуға байланысты тақырыптарды тереңдете оқытады.																	
P26	Мемлекеттік аудит және мемлекеттік қаржылық бақылау	Бұл курс мыналарды қарастырады: қаржылық бұзушылықтардың алдын алу мен анықтауды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жүйесі ретінде мемлекеттік аудит пен мемлекеттік қаржылық бақылаудың негізгі ұғымдарын меңгеру; мемлекеттік және муниципалдық қаржылық бақылаудың негізгі әдіснамалық ережелері туралы теориялық кешенді ұсыну; ҚР Қаржы	5																

		министрлігінің, Министрліктің агенттіктері мен қызметтерінің негізгі бақылау функцияларын, қызмет тетіктері мен принциптерін зерделеу.; мемлекеттік қаржылық бақылаудың аймақтық және муниципалдық жүйесінің қызмет ету ерекшеліктері, даму мәселелері және тиімді қайта құрылымдау туралы түсінік.																
P 27	Мемлекеттік сатып алулар	Мемлекеттік және олардың негізінде шығарылған өзге де құқықтық нормативтік актілер үшін тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға және қызмет көрсетуге арналған тапсырыстарды орналастыру туралы заңнаманы, монополияға қарсы органдардың, соттардың осы заңнаманы қолдану практикасын зерделеу, монополияға қарсы реттеудің құқықтық және экономикалық аспектілерін ашу, болашақ мамандарға Алған білімдерді практикалық пайдалану дағдыларын үйрету.																+
P 28	Экономикалық - математикалық әдістер мен модельдер	Тиімді шешімдерді іздеу және осы шешімдерді сандық іске асыру кезінде құрылғыларды, процестер мен құбылыстарды талдау және модельдеу үшін қажетті математикалық әдістер; сандық эксперименттердің нәтижелерін өңдеу және талдаудың негізгі әдістері. Экономикалық-математикалық моделдеу экономикалық теория, экономикалық статистика және математика негізінде сандық тәуелділікті сапалы түрде беруге мүмкіндік беретін әдістер мен модельдердің жиынтығын біріктіреді.	5		+													
P29	Эконометрика	Эконометрика-бұл математикалық статистика әдістерімен экономикадағы сандық заңдылықтарды және байланысты зерттейтін ғылым. Эконометриканың мақсаты-экономикалық заңдылықтарды эмпирикалық шығару. Эконометриканың міндеттері-осы заңдылықтарды білдіретін модельдерді құру, олардың параметрлерін бағалау, экономикалық көрсеткіштердің өзгеру заңдылықтары мен байланысы туралы гипотезаларды тексеру. Эконометрика әдістері ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика ұғымдарына негізделген. Эконометриялық талдау негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті болжау үшін негіз болып табылады			+													
P30	Басқару есебі II	"Басқарушылық есеп" пәнін оқытудың мақсаты ұйымның мақсаттарына жету үшін бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін ұйым менеджерлеріне нақты, толық және уақтылы ақпарат дайындау және ұсыну бойынша дағдылар мен іскерліктерді меңгеру болып табылады.	5															+
P31	Басқару есебінде жоспарлау және бюджеттеу	Өндірістің шығынсыздығын талдау деректері бойынша ұйымды басқару, мақсаттары мен тәсілдері. Шығынсыздықтың экономикалық және бухгалтерлік модельдері. Тұрақты және айнымалы құрамдастардың жиынтық шығындарынан бөліп алудың практикалық тәсілдері. Ұйымды басқаруды қамтамасыз етуге бағытталған басқарушылық есепке алу жүйесін қалыптастыру кезінде пайдаланылатын әдістемелер. Басқару есебін ұйымдастыру тәсілдері. Ұйымды басқару жүйесін, ішкі ақпараттық процестерді автоматтандыру.																+

		ұйымдастыру, есеп стандарттарына сәйкес қаржылық есептілікті қалыптастыру және ұсыну.																	
Бейіндік пәндер циклі Таңдау бойынша компонент																			
P38	Салалардағы бухгалтерлік есеп	"Салалардағы бухгалтерлік есеп" экономикалық мамандықтар үшін негізгі курстардың бірі болып табылады, өйткені осы пән бойынша алған білім болашақта біздің студенттерге өз бизнесін ашуға, әртүрлі салаларда бухгалтерлік ақпаратпен жұмыс істей алуға көмектеседі. Қазақстан Республикасы ҚЕХС-на көшті және бұл есеп пен аудиттің рөлі мен мәнін арттырады.	5															+	
P39	Экономика салаларының статистикасы	Бұл пәнді оқып үйрену экономика салаларының: ауыл-шаруашылығы (мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы), құрылыс, инвестиция статистикасының пәнін, әдісін, міндеттерін, статистикалық ақпарат көздерін, статистикалық көрсеткіштерді, өзара байланысты талдаудың статистикалық әдістерін, экономика салалары статистикасының негіздерін қарастыруды көздейді.																	+
P40	1С: Кәсіпорын 8. Қазақстан үшін бухгалтерия: тәжірибелік қолдану	Бұл курс 8.3 платформасының редакциясына толығымен қайта өңделген. Курс Қазақстан үшін "1С:Бухгалтерия 8" конфигурациясында есепті жүргізетін немесе жоспарлап отырған пайдаланушыларға арналған. Және т-ны таныстыруға бағытталған пән режимдерін меңгеру бағдарламамен жұмыс істеу дағдыларын пысықтауды, типтік конфигурацияда бухгалтерлік есепті жүргізу дағдыларын алуды көздейді.	5							+									
P41	Есептің ақпараттық платформалары	Есептік ақпараттық жүйелер өндірістік кәсіпорында басқару мен есепке алудың негізгі талаптарына жауап беретін кешенді шешім болып табылады. Есептік ақпараттық жүйелер кәсіпорын қызметін басқару және корпоративтік және халықаралық стандарттар бойынша қаржы-шаруашылық қызметті есепке алу үшін бірыңғай ақпараттық жүйені ұйымдастыруға мүмкіндік береді.								+									
P42	Шағын және орта бизнестегі қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары	IFRS for MSE стандартының ережелеріне сәйкес қаржылық есептілікті дайындаудың тұжырымдамалық негіздері; IFRS for MSE стандартының ережелеріне сәйкес қаржылық есептілік нысандарының мазмұны; Қаржылық есептіліктің әртүрлі элементтері туралы ақпаратты есепке алу және ашу; жекелеген шаруашылық операциялар мен қызмет түрлерін есепке алуға қатысты IFRS for MSE стандартының ережелері.	5															+	
P43	Қоғамдық сектордың қаржылық есептілігінің халықаралық стандарттарын а сәйкес	Бұл курс ҚСҚЕХС мазмұны мен тағайындалуы туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді; ҚСҚЕХС талаптарына сәйкес мемлекеттік сектор субъектісінің қаржылық есептілігін дайындау және ұсыну әдістемелеріне үйрету; ҚСҚЕХС -ті ҚР мемлекеттік сектордың бухгалтерлік есебі мен есептілігі практикасына енгізу ерекшеліктері мен проблемаларын талдау; ҚСҚЕХС форматында сыртқы қаржылық есептілікті қалыптастыру процесін ұйымдастыру жөніндегі командалық жұмыстың талдамалық,																+	

	бухгалтерлік есеп	ұйымдастырушылық және коммуникативтік дағдыларын және іскерліктерін меңгеру.																
Р 44	Қаржылық талдау	Бұл пәнді оқытудың мақсаты-студенттерді шаруашылық жүргізуші субъектілерді қаржылық талдаудың теориялық негіздері мен практикалық дағдыларына, қаржылық есептіліктің барлық нысандарын талдаудың мазмұны мен әдістеріне оқыту. Әдістерін, тәсілдерін және құралдарын қолдану; қаржылық коэффициенттерді анықтау, оларға түсінік беру, оның өзгерістерін түсіндіру; банкроттықты анықтау әдістерін қолдану, кәсіпорынның рентабельділігін есептей және жоспарлай білу, кәсіпорынның пайдасын факторлық талдау дағдысы болу.	5															
Р 45	Сыртқы экономикалық қызметтің бухгалтерлік есебі	Сыртқы экономикалық қызметтің түсінігі, мәні және негізгі түрлері (СЭҚ). СЭҚ мемлекеттік реттеу. Кедендік-тарифтік реттеу. Тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістері. Реттеудің валюталық әдістері сыртқы экономикалық қызмет. Құны шетел валютасымен көрсетілген ұйымның активтері мен міндеттемелерін есепке алу. Курстық айырмашылықтар есебінде көрсетудің анықтамасы және әдістемесі. Шетел валютасын сату және сатып алу есебі. Сыртқы экономикалық келісім-шарт: құру тәртібі, шарттары және бағаны анықтау. "INCOTERMS"терминдерін қолдану. Экспорттық және импорттық операцияларды есепке алу																

20 Сертификаттау бағдарламасы (minor) «Қаржылық менеджер»

Модуль атауы	Семестрлер, пәндер						
	1	2	3	4	5	6	7
Қаржылық менеджер						Экономикалық - математикалық әдістер мен модельдер Эконометрика	Мемлекеттік сатып алулар Мемлекеттік аудит және мемлекеттік қаржылық бақылау
						Кәсіпорынның қаржылық есептілігі Контроллинг	Басқару есеп II Басқарушылық есептегі бюджеттеу

21 Модуль шеңберінде оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу

Оқу нәтижесі	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері	Оқу әдісі	Бағалау әдісі
ОН1	Қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын іске асыруға ықпал ететін қолданбалы экономикалық, заңдық, жаратылыстану-ғылыми пәндердің өзара байланысын анықтайды; қоғам туралы тұтас жүйе және адам ретінде білімді, қазіргі қоғамдағы рухани процестердің рөлін, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау саласындағы тараптардың құқықтық мүдделерін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік жағдайларын, зиянды және қауіпті факторлардың әсерін суреттейді; адамға және табиғи ортаға қауіпті факторлар.	- интерактивті дәріс; кейс-әдістер; пікірталас; дөңгелек үстел; жобалық оқыту; төңкерілген сынып (Flipped Class)	- портфолио; коллоквиум; презентациялар; эссе жазу; жобаны дайындау; тест
ОН2	Статистикалық деректерді жинау, бизнесті бағалау ақпаратын салыстырады және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің өзгеру үрдістерін анықтайды	- интерактивті дәріс; кейс-әдістер; пікірталас; дөңгелек үстел; жобалық оқыту; төңкерілген сынып (Flipped Class)	- портфолио; коллоквиум; презентациялар; эссе жазу; жобаны дайындау; тест
ОН3	Ғылыми-техникалық, өндірістік және коммерциялық міндеттерді шешуде маркетингтік ойлау дағдыларын қолданады және ішкі және сыртқы факторлардың бағаны қалыптастыруға әсерін бағалайды, нарықтық конъюнктураны ескере отырып бағаларды белгілейді	- интерактивті дәріс; кейс-әдістер; пікірталас; дөңгелек үстел; жобалық оқыту; төңкерілген сынып (Flipped Class)	- портфолио; коллоквиум; презентациялар; эссе жазу; жобаны дайындау; тест
ОН4	Әлеуметтік және экономикалық ғылымдар, экономика салалары, бухгалтерлік есеп және басқа пәндер бойынша сандық ақпаратты зерттейді.	- интерактивті дәріс; кейс-әдістер; пікірталас; дөңгелек үстел; жобалық оқыту; төңкерілген сынып (Flipped Class)	- портфолио; коллоквиум; презентациялар; эссе жазу; жобаны дайындау; тест
ОН5	Ұйымның әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандарында бухгалтерлік және салық есебін автоматтандырылған жүргізу үшін «1С: Бухгалтерия 8.3» конфигурациясымен жұмысты ұйымдастырады	- интерактивті дәріс; кейс-әдістер; пікірталас; дөңгелек үстел; жобалық оқыту; төңкерілген сынып (Flipped Class)	- портфолио; коллоквиум; презентациялар; эссе жазу; жобаны дайындау; тест
ОН 6	Типтік есепке алу әдістемелері және қолданыстағы нормативтік - құқықтық база негізінде кәсіпорын қызметін экономикалық және әлеуметтік - экономикалық көрсеткіштерді есептеу тәртібін саралайды	- интерактивті дәріс; кейс-әдістер; пікірталас; дөңгелек үстел; жобалық оқыту; төңкерілген сынып (Flipped Class)	- портфолио; коллоквиум; презентациялар; эссе жазу; жобаны дайындау; тест
ОН 7	Компанияның қызметі бойынша қаржылық есептілікте көрсету үшін қажетті есептік және талдамалық ақпаратты жинақтайды	- интерактивті дәріс; кейс-әдістер; пікірталас; дөңгелек үстел; жобалық оқыту; төңкерілген сынып (Flipped Class)	- портфолио; коллоквиум; презентациялар; эссе жазу; жобаны дайындау; тест
ОН 8	Бухгалтерлік есеп шоттарында активтерді, міндеттемелерді, капиталды көрсету мақсаттары үшін ақпаратты саралайды	- интерактивті дәріс; кейс-әдістер; пікірталас; дөңгелек үстел; жобалық оқыту; төңкерілген сынып (Flipped Class)	- портфолио; коллоквиум; презентациялар; эссе жазу; жобаны дайындау; тест
ОН 9	АХС сәйкес аудиторлық қызметті жоспарлайды, сондай-ақ тиімді шешімдер қабылдау үшін мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласында қалыптастыру әдіснамасының нұсқаларын ұсынады.	- интерактивті дәріс; кейс-әдістер; пікірталас; дөңгелек үстел; жобалық оқыту; төңкерілген сынып (Flipped Class)	- портфолио; коллоквиум; презентациялар; эссе жазу; жобаны дайындау; тест
ОН 10	Экономика салаларында бухгалтерлік есепті ұйымдастыру мен жүргізудің ерекше қағидағдарын, тәсілдері мен әдістерін айқындайды	- интерактивті дәріс; кейс-әдістер; пікірталас; дөңгелек үстел; жобалық оқыту; төңкерілген сынып (Flipped Class)	- портфолио; коллоквиум; презентациялар; эссе жазу; жобаны дайындау; тест
ОН 11	Ғылыми зерттеулер әдістерін және мемлекеттік сатып алуды реттейтін заңнама нормаларын қолданудың практикалық дағдыларын таңдайды, салық есебін жүргізу	- интерактивті дәріс; кейс-әдістер; пікірталас; дөңгелек үстел; жобалық оқыту; төңкерілген сынып (Flipped Class)	- портфолио; коллоквиум; презентациялар; эссе жазу; жобаны дайындау; тест
ОН 12	Қаржылық есептілікті дайындау және жасау үшін ақпаратты шолу және түсіндіру жасайды	- интерактивті дәріс; кейс-әдістер; пікірталас; дөңгелек үстел; жобалық оқыту; төңкерілген сынып (Flipped Class)	- портфолио; коллоквиум; презентациялар; эссе жазу; жобаны дайындау; тест

22 Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері

ОН кодтары	Критерилер
ОН1	<p>Біледі: - сыбайлас жемқорлықтың мәні және оның пайда болу себептері; сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылық үшін моральдық - адамгершілік және құқықтық жауапкершілік шаралары; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданыстағы заңнама.</p> <p>- биологиялық және экологиялық жүйелердің тұрақты жұмыс істеу заңдылықтары, жайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік нормалары мен ережелері, адам мен тіршілік ету ортасын теріс әсерлерден қорғау шаралары.</p> <p>Істей алады: - логикалық ойлау, ғылыми пікірталастар жүргізу, ақпарат көздерін алу, өңдеу және сақтау; - құрылтай құжаттарын әзірлеу, шарттар мен жергілікті актілердің жобаларын жасау, жеке бизнестің бизнес-жоспарын әзірлеу және оның тәуекелдерін бағалау.</p> <p>Меңгерген: тиімді және табысты бизнесті ұйымдастыруды, операциялық және бизнес - процестерді оңтайландыруды; шарттарды, мәмілелер жасасу бойынша келіссөздер жүргізуді біледі</p>
ОН2	<p>Біледі: экономика салаларын жіктеу, бизнесті бағалауда қолданылатын негізгі ұғымдардың, қағидаттардың салалық жаппай құбылыстары мен процестерін талдаудың статистикалық әдістері</p> <p>Істей алады: мүліктің әр түрлі түрлерін олардың ерекшеліктеріне қарай бағалау тәсілдері мен әдістерінің негізделген таңдауын жасау, арнайы салада талдаудың және практикалық міндеттерді шешудің ықтимал әдістері туралы қорытынды жасау</p> <p>Меңгерген: бағалау объектісіне байланысты бағалауда қандай да бір тәсілді қолдануға қатысты логикалық дәйектілік пен негізділік, дербес немесе статикалық Білім саласындағы біліктілікті арттырудың оқу білім беру бағдарламалары негізінде қабілеттілік;</p>
ОН3	<p>Біледі: қазақстандық маркетингтік стратегиялар үшін бизнес-жоспар құру</p> <p>Істей алады: ғылыми мақсаттарға қол жеткізу, басқарушылық шешімдерді табу және басқару, жұмыстың сапасы мен тиімділігін бағалау, зерттеу және өндірістік қызмет үшін шығындар мен нәтижелерге қол жеткізу үшін шығармашылық ұжымдарды ұйымдастырады</p> <p>Меңгерген: бойынша ұсыныстар енгізу; салыстырмалы сипаттамалар мен тауарлардың бәсекеге қабілеттілігі негізінде тауар саясаты бойынша ұсыныстар енгізу; бірінші және өңделген маркетингтік ақпаратты талдау, жүйелеу, талдау мүмкіндігі; маркетингтік зерттеулер жүргізу.</p>
ОН4	<p>- Біледі: пәннің негізгі санаттарының мазмұны; салалардың ерекшеліктері және олардың бухгалтерлік есепті ұйымдастыруға әсері.</p> <p>- Істей алады: әр түрлі саладағы ұйымдарда шаруашылық операцияларды көрсете алады; қаржылық есептілік нысандарын қалыптастыра алады</p> <p>Меңгерген: пәннің ұғымдық-терминологиялық аппараты; салалардың ерекшеліктерін ескере отырып, шаруашылық операцияларды көрсету дағдылары; түрлі салалар ұйымдарында бастапқы құжаттар мен есептілікті қалыптастыру дағдылары.</p>
ОН5	<p>Біледі: пәннің негізгі санаттарының мазмұны; бағдарламалық ортада бухгалтерлік есепті жүргізу технологиясы</p> <p>Істей алады: мемлекеттік кәсіпорындарда бухгалтерлік есепті автоматтандыру бойынша ситуациялық есептерді шешу; шешу үшін ұсынылған деректерді талдау; мәселені тұжырымдау және шешім нұсқасын негіздеу</p> <p>Меңгерген: пәннің ұғымдық-терминологиялық аппаратын меңгергенін көрсетеді; конфигурацияда шаруашылық операцияларды көрсету дағдыларын меңгерген; конфигурацияда бастапқы құжаттар мен есептілікті қалыптастыру дағдыларын меңгерген.</p>
ОН6	<p>Біледі: негізгі экономикалық-статистикалық әдістер, экономикалық процестер мен әлеуметтік құбылыстарды жіктеу және топтастыру</p> <p>Істей алады: статистикалық әдістерді білу негізінде қойылған практикалық міндеттерді тиімді шешу үшін ұжымда жұмыс істеу</p> <p>Меңгерген: әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің өзгеру үрдісін анықтауда; микро - және макро деңгейде статистикалық зерттеу жүргізуде; әлеуметтік - экономикалық статистиканың әртүрлі салаларының көрсеткіштерімен жұмыс жасауда алға қойылған міндетке сәйкес экономикалық деректерді өңдеу үшін аспаптық құралдарды таңдауда.</p>
ОН7	<p>Біледі: экономикалық талдаудың тұжырымдамалық аппараты және оны жүзеге асыру әдістемесі, экономикалық және әлеуметтік құбылыстар талданатын функционалдық тәуелділіктердің негізгі түрлері</p>

	Істей алады: тиімді және факторлық белгілерді дұрыс ажырата білу, қорытынды жасай білу.
	Меңгерген: аналитикалық ойлау дағдылары, зерттеу жүргізудегі қызығушылық және дербестік
ОН8	Біледі: халықаралық қаржылық есептілік стандартында қолданылатын негізгі ұғымдар мен ұғымдар
	Істей алады: ҚЕХС, бухгалтерлік есеп объектілерін бағалау тәсілдері мен әдістерін қолдану
	Меңгерген: ҚЕХС-на сәйкес бухгалтерлік есепті ұйымдастыруға байланысты нақты жағдайлар мен міндеттерді шешу үшін қаржы-шаруашылық қызмет шеңберінде есепке алу объектілері туралы деректерді жүйелеуге
ОН9	Біледі: нормативтік-құқықтық база, заңдар және мемлекеттік және қаржылық бақылау мен аудит саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілер
	Істей алады: мемлекеттік және қаржылық бақылау мен аудит саласында әртүрлі сипаттағы құқық бұзушылықтарды анықтау кезінде мемлекеттік органның іс-қимылдарының дәйектілігін айқындау
	Меңгерген: әр түрлі ойлау процедуралары мен операцияларын жүзеге асыру дағдылары, соның ішінде аудит пен консалтингтегі нақты жағдайларға қатысты.
ОН10	Біледі: бухгалтерлік есеп пен сыртқы экономикалық қызметті талдауда қолданылатын негізгі ұғымдар мен тұжырымдамалар
	Істей алады: барлық нормативтік-заңнамалық актілердің өзара байланысын көру, олардың мазмұнына сын көзбен қарау, даулы ережелер бойынша өз пікірін білдіру
	Меңгерген: бухгалтерлік есеп жүргізу және сыртқы экономикалық қызметті талдау әдістерін қолдану
ОН11	Біледі: мемлекеттік сатып алудың ұғымдық аппараты, салықтық есепке алудың әдіснамасы мен құжаттамасының базалық негіз қалаушы қағидаттары
	Істей алады: бухгалтерлік есепті салық есебімен барынша үйлестіре отырып, пайдаға салынатын салық бойынша декларация жасау
	Меңгерген: кәсіпорынның шаруашылық қызметінің тиімділігін арттыру резервтерін анықтау және жұмылдыру үшін салықтық есепке алу деректерін қалыптастырудың практикалық мәселелерімен және оларды қолданумен байланысты
ОН12	Біледі: шаруашылық нәтижелерін бағалау тәртібі, талданатын объектіге тәуелді және тәуелсіз көрсеткіштердің өзгеру себептерін ажырату
	Істей алады: қорытынды жасау, басшылыққа да, сыртқы ұйымдарға да есеп беру нысандарын жасайды және ұсынады
	Меңгерген: алдағы кезеңге болжамдау үшін базалық көрсеткіштерді айқындаумен; қызметтің жекелеген тараптарының, жекелеген буындардың жалпы нәтижелерге әсерін айқындау негізінде кәсіпорындар қызметінің қорытындыларын шығарумен; шаруашылық жүргізу тиімділігінің резервтерін және оларды пайдалану жолдарын анықтаумен

Түлек атрибуты:

Бизнес және басқару саласында кәсіптіліктің жоғары деңгейі
Бухгалтерлік есепті және аудитті жүргізуді ұйымдастыру саласындағы терең теориялық білім және тәжірибелік машық
Кәсіпкерлік қабылет
Көшбасшылық
Әлеуметтік жауапкершілік
Эмоционалдық интеллект
Академиялық құндылық принциптері мен мәдениетінің мәнін түсіну

Құзіреттердің түрі	Құзыреттердің сипаттамасы
Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills)	<ul style="list-style-type: none"> - тарихи процестің қозғаушы күштері мен заңдылықтарын; тарихи оқиғалар мен процестерді; адамзат тарихындағы және қазіргі әлемдегі өз елінің орны мен рөлін, тілдерді білуді түсінуге қабілетті; - құпияны сақтау мүмкіндігі, бұл жағдайда компанияның коммерциялық құпиялары; - адалдық, маман әділ болуы керек, заңдарды сақтауы керек, өйткені көптеген қаржылық операциялар заңға байланысты; - бухгалтерлік кәсіптің кәсіби және этикалық шеңберінде жұмыс істеу қабілетін көрсету, сондай-ақ ұжымда бірлесіп жұмыс істеу арқылы қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту; - кәсіби экономикалық білімі бар, менеджмент, маркетинг, қаржы, бухгалтерлік есеп және аудит негіздері туралы ғылыми түсініктері бар.
Сандық құзыреттер: (Digital skills):	<ul style="list-style-type: none"> - өзгерістерді енгізудің жобалық тәсілі арқылы бухгалтерияны сыртқы органдарды цифрландыруға қайта құру; - аудит құзыретін енгізу. Компания ішінде есеп және есептілік болмаған жағдайда аудит жүргізе білу. - салықтық кеңес беру процесін құрыңыз. Бизнес үшін салық басқармасы мен кеңес беруді жүргізе білу. <p>Алдын ала талқылай келе, не болады, не болмайды деп.</p> <ul style="list-style-type: none"> - problem solving бағдарламасын жұмыс негізі ретінде пайдаланыңыз. Бұл ішкі және сыртқы мәселелерді уақтылы шешуге, толыққанды бэк-офис болуға және бизнесті сапалы қолдауға көмектеседі.
Кәсіби құзыреттер: (Hardskills)	<ul style="list-style-type: none"> - қаржылық есептілікті жасау, бухгалтерлік есепті жүргізу және бухгалтерлік жазбаларды жасау, қызметкерлердің жалақысын есептеу, материалдық құндылықтардың есебін жүргізу, сондай-ақ өнімнің өзіндік құнын есептеу. - бухгалтерлік және салықтық есеп, аудит және экономикалық талдау, Қаржылық менеджмент, «ІС Бухгалтерия», ҚЕҰС және ҚЕХС ұйымдарын білу. - бұл есеп саясатын қалыптастыратын, бухгалтерлік есеп пен аудитті ұйымдастыратын, қаржы ағындарының экономикалық талдауын жүзеге асыратын, максималды пайдаға жету үшін оңтайлы басқару шешімдерін негіздейтін, болашақта кәсіпорынның дамуының тиімді жолдарын анықтайтын және құқықтық салада еркін бағдарланатын есеп менеджері.

Әзірлеушілер:

Жұмыс тобы мүшелері:

- Бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасының меңгерушісі, PhD
- Бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасының профессоры, э.ғ.к
- Бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.м.
- Есеп және аудит білім беру бағдарламасының студенті

- А.Н. Ламбекова
- С.С. Шакеев
- Г.А. Шакирова
- А.Е. Семсер

Білім беру бағдарламасы факультет кеңесінде қарастырылды хаттама № 7 14.02.2022

Білім беру бағдарламасы Академикалық кеңес отырысында қарастырылды хаттама № 5 28.04.2022

Білім беру бағдарламасы университет Басқармасының отырысында қарастырылды және бекітілді хаттама № 12 28.05.2022

Басқарма мүшесі-академиялық жұмыс жөніндегі проректор

Т.З.Жүсіпбек

Академиялық жұмыс департаментінің директоры

Г.С.Ақыбаева

Экономика факультетінің деканы

Ж.С.Хусанова

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ЖОСПАРЫ
«БВ04106 - Есеп және аудит»

Жоспардың мақсаты – еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі заманғы ғылымның жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайларының сапасын арттыруға жәрдемдесу.

Мақсатты индикаторлар

№	Индикаторлар	Өлшем бірл.	2022-2023 (факті бойынша)	2023-2024 (жоспар)	2024-2025 (жоспар)	2025-2026 (жоспар)
1	Кадрлық потенциалды дамыту					
1.1	Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі	Адам саны	7	1	-	1
1.2	Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру	Адам саны	10	10	10	10
1.3	Оқытуға практик-мамандарды тарту	Адам саны	5	5	5	6
1.4	Басқа	Адам саны	-	-	-	-
2	Рейтингтердегі БББ жылжыту					
2.1	НАОКО	Позициясы	5	4	4	3
2.2	НААР	Позициясы	7	6	6	5
2.3	Атамекен	Позициясы	16	15	15	14
3.	Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу					
3.1	Оқулықтар	Саны	-	1	-	1
3.2	Оқу құралдары	Саны	1	1	2	1
3.3	Әдістемелік ұсынымдар / нұсқау	Саны	1	1	2	2
3.4	Электронды оқулық	Саны	1	2	2	1
3.5	Видео/аудиодәріс	Саны	-	1	1	1
3.6	Басқа	Саны	-	-	-	-
4.	Оқу және зертханалық базаны дамыту	Саны				
4.1	Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	Саны	1	2	2	2
4.2	Жабдықтарды сатып алу	Саны	1	2	2	3
4.3	Басқа	Саны	-	-	-	-

5.	БББ мазмұнын өзектендіру					
5.1	Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер тізбесін жаңарту	Жыл	-	+	-	-
5.2	БББ-на шет тілдеріндегі оқу пәндерін енгізу*	Жыл	-	-	-	-
5.3	Оқығудың жаңа әдістерін енгізу	Жыл	-	-	-	+
5.4	ББ базасында бірлескен / екі дипломды бағдарламаны ашу	Жыл	-	+	-	-
5.5	Басқа	Жыл	-	-	-	-

Бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасының меңгерушісі, PhD



А.Н. Ламбекова

